

Bu dizelerden de anlaşılacağı gibi başına sarık saran, dilinden Allah lafzını düşürmeyen mollalar, aslında şöhret ve çıkar elde etmek için dini kullanırlar. Şair, bu mollaların yaptığını balık tutmak için oltasının ucuna yem takanların davranışına benzetir. Bu yozlaşmış mollalar, balık gibi avlamak istedikleri halkı kandırmak için oltalarının ucuna dini yem olarak takarlar ve halkın parasını, malını elinden almak için cennetin kendi ellerinde olduğuna halkı inandırırılar. Cenneti halka satan mollalar karşılığında onlardan malını alır, vermeyeni de cehennemlik ilan eder. Şair, bu davranışı sert bir dille eleştirir.<sup>24</sup>Halkına ihanet eden yöneticilerin de eleştirildiği “Kazak kalpı/Kazak şekli” şiiri, toplumda siyasi ya da dinî bir konum elde eden insanların sorumsuzca davranışlarının bütün Kazak halkını olumsuz etkilediğini ortaya koyar.

### **Sonuç**

Ahmet Baytursunov’un şiirlerine bakıldığında onun Kazak halkını ve geniş anlamda bütün Türk dünyasını içerisinde bulunan durumdan kurtarmak için nasihat veren didaktik bir şair olduğu görülür. Çalışmaya, eğitime, ahlaki değerlere bağlı insan yetiştirmeye önem veren Baytursunov, çıkarıcı yöneticileri, yozlaşmış din adamlarını, cimri zenginleri, kendisinden başkasına faydası olmayan ve boş sözlerle insanları kandıran kişileri sert bir dille eleştirir. Şaire göre hayata anlam katmak ve gerçek manada insan olmak için çalışmak ve başkalarına faydalı olmak gerekir. İnsanları bir sivrisinek gibi uyandırmak isteyen Baytursunov, herkesin bu nasihatlerden aynı derecede istifade edemeyeceğini ve bazı kesimlerin tepkisiyle karşılaşacağını da bilir. Ahmet Baytursunov, sadece Kazakistan’ın değil, bütün Türk dünyasının ve Müslüman coğrafyasının büyük bir buhran yaşadığı dönemin insanıdır. Bu buhrandan çıkışın yollarını gösterme ve halkına faydalı olma isteği, onun şiirlerinde kendisini belli eder. Bu nedenle Ahmet Baytursunov için “bir buhran dönemi şairi” demek mümkündür.

### **Kaynaklar**

- Alibekiroğlu, S. (2021). *Kazak Âlimi Ahmet Baytursunoğlu'nun Hayatı ve Eserleri*. Çanakkale: Paradigma Akademi yayınları.
- Kaplan, M. (2012). *Şiir Tahlilleri 1*. İstanbul: Dergâh Yayınları.
- Kokybassova, G. (2009). *Ahmet Baytursinov (Hayatı, Dilçiliği ve Edebiyat Araştırmacılığı)*. Ege Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, İzmir.
- Tanpınar, A. H. (2005). *Edebiyat Üzerine Makaleler*. İstanbul: Dergâh Yayınları.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ОТАРЛАУҒА ҚАРСЫ ТҰРҒАН ҰЛТ ҰСТАЗЫ**

*А.М. Ісімақова*  
*Фил.ғ.д., профессор*  
*Назарбаев университеті*  
*Астана, Қазақстан*

Замандастары Ұлт Ұстазы деп бағалаған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өтуде. «*Жазған сөз жаным ашып Алашым!*» деп өзінің өмірлік ұстанымын айқындап алған Ахмет Байтұрсынұлы Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп кеткен бірегей ғалым.

Қазақтың тұңғыш саяси Алаш партиясы мен Алаш-Орда үкіметінің рухани көсемі, мемлекет қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913–1918) бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872–8.12.1937) қазіргі Қостанай облысы Сарытүбекте дүниеге келген. Архив деректерінде А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырылған халық

<sup>24</sup> Sovyet dönemi Türk edebiyatlarına bakıldığında, Ekim Devrimi öncesinde Ahmet Baytursunov vb. aydınların yaptığı yozlaşmış molla eleştirisinin çok daha sert bir şekilde sürdürüleceği görülecektir. Fakat artık din eleştirisi Marksist-Leninist dünya görüşüne dayalı bir şekilde yapıldığından bu dönemdeki metinleri Mehmet Akif, Mirza Elekber Sabir ve Ahmet Baytursunov gibi şairlerin eleştirilerinden ayrı değerlendirmek gerekir.

комиссариатының «Жауапты қызметкерлер» анкетасында: «Сіздің өміріңіздің басты мақсаты?» деген сауалға «бүкіл ғұмырым құлдыққа түскен қазақ халқының қажетіне қызмет ету» деп жауап берген.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы беделді, әділетті кісі болған. Ағайынды Байтұрсын мен Ақтас ел қамы үшін Яковлев деген Ресей патшасының жергілікті уез бастығына қарсылық көрсеткендері үшін бас бостандықтарынан айырылып, 1885 жылы Сібірге 25 жылға айдалған. Күрескерлік жолға түсуіне осы оқиғаның тікелей әсері болғанын ақын Ахмет Байтұрсынұлы «Анама хат» өлеңінде: *«Оқ тии он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам. Алданып тамағым оны ұмытсам, Болғандай жегенімнің бәрі харам. Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам?!»* – [1, 115] деген.

Біздер қайтыс болуды қайғы ретінде көреміз. А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш саяси элитасы үшін «не бетіммен көрге бару» басты адамдық мәселе болған.

Әкесінің інісі Ерғазының тәрбиесінде болған Ахмет бастауыш білімді Ыбырай Алтынсарыұлы негізін қалаған қазақ мектебінде алып, 1891 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді. 1895–1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі болыстық мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Білім берудің мүшкілдігімен патшаның отарлау кезінен таныс болған ғалым осы саладағы қажеттіліктерді өтеуді қолға алған.

Тәуелсіз қазақ Елінің басты идеологиялық тірегі – ана тіліндегі бастауыш мектеп болуын ғалым басты саяси мәселе етіп 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Бастауыш мектеп» пен «Мектеп керектері» мақаласында көтерді [2, 313-318]. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» (2:315) деген сөздерді ғалым алға тартты. Осы кезден бастап Ұлт Ұстазы қазақ мектебіне қажет Әліппеден бастап, ана тілін оқытатын оқу құралдарын жазып, кейін қазақ тілін таныту мен әдебиетінің ғылыми заңдылықтарын түсіндіретін «пән сөздері» мен іргелі ғылыми теориялық зерттеулердің де авторы болды. Ахмет Байтұрсынұлы білім мен ғылымды қазақ тілінде орнықтырған бірегей ғалым.

13 жасар жасөспірімнің көз алдында әкесі мен ағасын 25 жылға Сібірге айдаған отарлаушы биліктің қорлығын көрген Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш партиясының рухани жетекшісі бола білді. Ленинмен хат алысып, бірнеше рет жеке кездесіп, Қазақ Елінің тәуелсіздігінің кепілі - мемлекеттік шекараны Мәскеуде (26.08.1926) бекіткен тегеурінді істің бас қасында болған көреген саясаткер. Әуелі ресей патшасы, кейін ұақытша үкімет пен совет билігі кезінде де ғалым қазақ революциялық комитетінің мүшесі болып (1919), қай билік болса да өз ұлтына қызмет етуді тоқтатпаған бірегей тұлға.

А.Байтұрсынұлы өзі құрған Қазақстан халық комиссариатының Академиялық Орталығының жетекшісі (1921) - бұл қазіргі мағынадағы тұңғыш білім министры және бүгінгі Абай атындағы университеттің профессоры болды. Өзі қуғын сүргінде жүріп әр ғылым саласындағы қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтардың жазылуын басқарып, оларды мектеп пен ғылыми айналымға еңгізіп кеткен әдіскер ғалым. Сондықтан Алаш саяси элитасы Ұлт Ұстазының ұйымдастыруымен ана тіліміздегі тұңғыш оқу құралдар мен ғылыми зерттеулер жазып қазақ тіліндегі ғылыми дискурсты осыдан 100 бұрын қалыптастырып берген ғалымдар.

А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның шын аты – Александра Иванқызы Журавлева. ҚазССР Жоғарғы Сотының 25.06.1990 жылғы 12.118 нөмірлі «Ақтау туралы анықтамасында» Б.Бадрисафа 1878 жылы Орал өңірінде туылған. Бадрисафа аталуына онымен некелескенде Ахмет Байтұрсынұлының жарын мұсылманша оқытып, мұсылманша есім таңдап алуы себеп болған. Ілияс Байтұрсынұлының «Алтын бесік» (Қостанай, 1998) атты кітабында Бадрисафаны Ахметтің туыстары «ақ келін» деп атағаныны, бұл атауға оның алтын мінезі себеп болған дейді: «бадрун» арабшадан «толған ай», ал «сафа» «кіршіксіз таза» [3, 20]. *«Бадрисафа жеңгемнің арқасында бойыма күн санап әл бітіп, бірте-бірте адам қатарына қосылып, құлантаза сауығып алдым. Аллаға мың да бір алғысымды айтып жүрдім-ау... Бадрисафа көрікті еді.*

*Мейірімді еді. Мұсылманша киініп жүретін. Намаз оқитын. Жұмсақ, майда сөйлейтін. Ахаңды «төрем» деуші еді» [3, 38].*

Ахметтанушы М.О. Әуезов: «Ахмет Қостанай уезіндегі Әуликөл деген жерде екінші рет оқытушы болған»—дейді. Ал Ілияс Байтұрсын жоғарыда аталған еңбегінде А.Байтұрсынұлы XIX ғасырдың соңында Аманқарағай ауылында мұғалімдік қызмет атқарғанда тұрған пәтері Александраның (Бадрисафаның) ата-анасының Әуликөл жағасында орналасқан үйі болғаны, осы елді мекен тұрғындары ұстаздың құрметіне көлдің атауын «Мұғалімкөл» деп өзгерткен дейді [3, 199].

1896 жылы Ахаң мен Бадрисафа Қарқаралыға келген. 1905 жылы Алаш саяси элитасы басқарған Қарқаралы Петициясында тұңғыш рет отарланған қазақ халқының саяси әлеуметтік құқықтары талап етілген. А. Байтұрсынұлының: «*Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер, қалса адамың, қуылмаған*» – деп басталатын өлеңі осы кезеңнің айғағы. Петицияның жазылуына қатысқан ғалым түрмеге қамалған: Анама хат өлеңі Семей түрмесінде жазылған.

1910–1917 жылдары Орынбор қаласына жер аударылып, бақылауда жүрген А.Байтұрсынұлы отарлау саясатының озбырлығына, ұлттық құндылықтардың жойылуы, қазақтың діні, тілі, ділінің қорлануына қарсы нақты істердің басында болды.

Қазақты қырғыз қайсақ деп кеміткен заманда Ахмет Байтұрсынұлы өзі құрған «Қазақ» газетін «*халықтың көзі, құлағы һәм тілі*» деп бас редактор ретінде сол кездегі мектептегі ана тіліндегі білімді қалыптастыруды қолға алып, замандастарының басын қосып, оқу-ағарту, ұлт, жер, тіл мәселелерінің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуіне бас болды.

Бұл газеттің қазақ ұлттық тарихында алатын орны қандай? деген сауалға М.Әуезов 1923 жылы Ұлт Ұстазының 50 жылдығына арналған жиналыста былай деген: «*Қазақ* газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығына жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

*Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде, менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген ескегі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын.*

*Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын» [4, 69].*

Абай Құнанбайұлы Алаш ғалымдарының рухани Темірқазығына айналды. Бұлардың басты мақсаты: Абай сөзіндегі ұлттық құндылықтар мен ұлттық кодты отарлау езгі мен советтік ұлтсызданудан сақтап қалу еді. А.Байтұрсынұлы мақаласының атына өзінің замандастары ғана емес, қазіргі XXI ғасырда мойындалып отырған тұжырым қойды: Абай «*Қазақтың Бас ақыны*» екенін өзге жұртқа да, өзімізге де ұғындырды. Бұл зерттеуде Абайтанудың теориялық негізі былай анықталды: «*Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармап жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады*» [1, 154]. Бұл мақалада Ахмет

Байтұрсынұлы сонау 1913 жылы көркем дискурс теориясын айқындап берген: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» дейді [1: 158].

Абайдың өлеңшіл ақын екенін жазған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін де қалыптастырып берді. Әлихан Бөкейханның 1905 жылы Семипалатинский вестникте жарық көрген тұңғыш абайтанулық мақаласынан кейін қазақ әдебиеттануында абайтанудың іргетасы осылай бекітілді. «Абай хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған... Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады» [1: 162].

А.Байтұрсынұлының ақындық сөзіне Абайдың әсері туралы М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында «Екеу» деген бүркеншік есіммен жарияланған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында тоғыз ақынның есімін атап, оларды үш жікке бөліп былай деп жазған: «Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шаһкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңінің сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады... Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі» [5, 93–94]. Ұлт Ұстазының асыл сөз дискурсы осылай сипатталған. А.Байтұрсынұлы өлеңді ақын болайын деп жазбаған. Заманның қысымы мен басқа түскен құсалықты шығару үшін, үзеңгілестерінің еңсесін көтеру үшін өлеңмен жазылған хаттарын біз қазір ақын сөзі деп қарастырып отырмыз.

«Қырық мысалдың» үзінділері баспа бетінде жарияланды (1909, 1913, 1922). Бұл басылымдарда «Крыловтан аударылды» деген түсініктемені кездестірмедік. Шығыс әдебиетінде мысалдың біраз халықтарға ортақ мәтінге айналған ортақ сюжеттері баршылық. Мысалды астарлап сөйлеудің амалы ретінде А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортаға саяси, зерделі ықпал ету үшін пайдаланған. «Қырық мысал» жинағы 1909 жылы Петербургте шықты. Бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып қалады. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған ортақ сюжеттік жүйе. ХХ ғасырдың басында бұл жанр қазақ әдебиетінде кең орын алды: Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Құрманбаев. А.Байтұрсынұлы мысалдарындағы сюжет отарланған қазақ өмірінің саяси әлеуметтік ахуалын бейнелеген. Крыловтың он тармақтан тұратын «Шымшық пен Көгершін» атты мысалын А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне көтереді. Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума мұрасына айналдырды. Бұл туралы толығырақ академик Рымғали Нұрғали жазған.

«Маса» (1911) жинағына «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі», «Адамдық диканшысы», «Бақ», «Тарту», «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездеме хат», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Замандастарыма» сияқты өлеңдерімен қатар Вольтер, А.С.Пушкин,

М.Ю.Лермонтов, Ю.В.Жадовская, С.Я.Надсон сияқты Ресей мен Еуропа ақындарының аудармалары енген. А.Байтұрсынұлы өлеңді кітапқа аңдатпа, не хат ретінде жазған. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» жинағының беташары ретінде жазылған «Тарту», «Ер Сайын» жинағының алғысөзі «Г.Н.Потанинге тарту» өлең аңдатпасы да осындай.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (Қызылорда, 1926) «Биисми-иллаһи-рахмани-рахим» сөзімен ашылса, ақынның өлеңдерінде кездесетін діни түсініктер (Алла, Құдай, аят, хадис, Лаухул-Мағфуз, Иман, Лат-Манат, он екі имам әулие, жиырма сегіз әмбие, т.с.) мен діни кейіпкерлерінің есімдері (Әбіл мен Қабыл) Қазақ Елінің ұлт азаттық соғыстың қаһармандарына қатысты қолданылған. Билік мен халық арақатынасы, отаншыл лириканың үлгісі Абайша меңзелген: *Қазық боп жұртқа, Қорған боп сыртқа, Кім ойлайды намысты? Бұ неткен жұрт ұйқышыл?! Болсын кедей, болсын бай, Жатыр бейқам, жым-жырт, жай!* [1, 112].

А. Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл Ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, Елі үшін күңірену Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, Елге қамқоршы бола білу, Елі үшін өзін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық мұрат еді. А.Байтұрсынұлы Абайдан қалған классикалық поэзияның осы жағын дамытқан. Лирикалық кейіпкер елін Маса болып шағып, оның намысын, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткен. *Қазағым – елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып. Талауда малың, Қамауда жаның, Аш көзіңді оянып! Қанған жоқ па әлі ұйқың? Ұйықтайтын бар не сиқың?* [1, 114].

А.Байтұрсынұлының дискурсындағы мәңгілік хронотопты «Тілек батам» өлеңінен аңғарамыз: *Я, Құдайым! Аққа жақ! Өзіңе аян: мен нақақ. Аққа деген жолымның Абыройын ашпай, жап. Аят пенен хадисте Адал ниет, ақ іске, – Жаңылмасам, жоқ еді – «Жаза тартсын», – деген бап. (1: 116). Мұны көріп көзіміз. Бірігер деп сөзіміз. «Кен болар» деп балшықты. «Көл болар» деп шалшықты біз үмітпен қазып ек. Дәреті жоқ аяқтар. Қорсылдаған саяқтар былғамасын қасыңды. Қасиетті басыңды. Дегеніміз болмаса. Қазаққа не жазып ек?! [6, 121].*

А.Байтұрсынұлының қазақша Әліппе жасауы - араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері қазіргі тілтану мен жалпы түркологияның негізгі іргетасы болып табылады.

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектері: тұңғыш ғылыми мақаласы 1895 жылы «Тургайская газетаның» №39 санында «Киргизские приметы и пословицы»; 2.Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 3. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 4. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 5. Әдебиет танытқыш; 6. Баяншы, методикалық жазбалар; 7. Тіл жұмсар. 1-бөлім. Практикалық грамматика; 8. Тіл жұмсар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 9. Оқу құралы (балалар әліппесі); 10. Әліппе; 11. Сауат ашқыш (ересектер әліппесі); 12. Әліппе-істер (Әліппеге методикалық нұсқау); 13. Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге) сол кездің википедиясы деуге болады. 14. Ер Сайын; 15. 23 жоқтау; 16. Мәдениет тарихы.

Алаштың көзі Жайық Бектұровтың Әлімхан Ермековтен алған мәліметі бойынша Ахаң Мәскеуге Ә.Бөкейханға тағы бір кітабын жіберген. Екінші данасы Бадрисафада қалған [6, 122]. Бұл кітаптың тағдыры әлі белгісіз. Бұл М.Әуезов 1923 жылы айтқандай күні бүгін табылмай отырған «Мәдениет тарихы»: қалың қара көк кітап, ортасында атауы алтынмен жазылған. Бұл еңбек еш кетпей, басқа біреулердің атымен жарияланып, халық мұрасына айналды деген болжам бар.

Казнаркомпростың ғылыми-әдістемелік кеңесін басқарған Ұлт Ұстазының тапсырмасымен Отаншыл көзі ашық, көкірегі ояу Алаш зиялылары қуғын сүргінде жүріп,

түрмеде отырып мектепке оқулықтар жазуды іске асырды: Жүсіпбек Аймауытұлы «Психология» (1923), Мағжан Жұмабай «Педагогика» (1922), Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927), «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» (1929), Х.Досмұхаммедұлы «Казахская народная литература» (1923), М.Дулатұлы Есеп құрал, Ә.Ермеков Ұлы есеп құралы, Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Т.Шонанұлы әр саладағы оқулықтардың авторлары.

А.Байтұрсынұлының тілтанулық еңбектерінде қазіргі қазақ тілі білімінің теориясы бізге үйреншікті «пән сөздерімен» бірге қолданысқа енгізілді. А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» зерттеуінің тараулары: *Сөз мүшелері. Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері. Жазу қағидалары. Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік). Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз). Тарау соңында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің тоқетерін айтады: «Сөйтін, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) зат есім, 2) сын есім, 3 сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай». А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сапалы білім алуын осылай іске асырған әдіскер ұстаз. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз білмедік.*

А.Байтұрсынұлы Әліппесі *Ар* сөзімен ашылған. Ұлт Ұстазы жалпы Түркі әлемінің Күлтегін мен Тоныкөктен келе жатқан жалпыадамзаттық этикалық кодты отарлауға қарсы қойды. Махмұт Қашқаридің Диуани Лұғат ат Түркінде айтылғандай: Алланың әділ әскері – Түркі Елі үшін *Ар* сөзі басты этикалық код болғаны бізге Ұлт Ұстазының Әліппесімен аманатталды [7, 23].

*Ар* сөзінен басталатын А.Байтұрсынұлының «*Әліпбиі*» мен «*Оқу құралы*» тұңғыш Әліппеміз шет елдегі қазақ диаспорасы күні бүгін пайдаланып келе жатқан емле. А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағындырып берген жүйелі графикасы 1911 жылдан қолданысқа еніп, 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, башқұр, татар, түркі) оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Ана тілі жазуының реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған төте жазу Әліппесі шет елдегі диаспорамыз (Европа, Қытай, Ауған, Иран, Түркия) күні бүгін қолданып келе жатыр. Олар осы төте жазумен тек сауатын ғана ашып қоймай, кітаптарын шығарып, Тік токқа да шығып келеді. А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі тілтану мен әдебиеттанулық терминдері мен парадигмалар күні бүгін қолданыста.

1923 жылы Мәскеудегі Ұлттар комиссариатының Күншығыс баспасынан жарық көрген «*Ер Сайын*» жырын баспаға дайындаған да А.Байтұрсынұлы. Бұл кітап Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуын құрметпен атап өту үшін дайындалғандықтан, оның беташары ретінде А.Байтұрсынұлының «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі берілген. Соңында «Қыр баласы» Әлихан Бөкейханның мерейтой иесін қазақ оқырмандарына жете таныстыру үшін орыс ғалымының өмірбаяны, ғылыми қызметі, халқымызға сіңірген ерен еңбегі жайында баяндаған көлемді мақаласы және «Ер Сайын» жырының жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі ғылыми түсініктеме келтірілген. Ер Сайын деп қазақ Баты ханды атағанын ескерсек, бұл жырдың совет жүйесіне қарсы жариялануы сыры да түсінікті.

Ахмет Байтұрсынұлы жинап, бастырған бабалардың асыл сөз үлгілерінің екіншісі – 1926 жылы Мәскеуде жарияланған «*23 жоқтау*». Бұл кітапқа енген мәтіндер халықтың ұлт азаттық қозғалыстардың қаһармандары - тарихи тұлғаларды халықтың жоқтауы. Қазақтың тарихи жадын өшіріп, қазақты қырғыз деп атаған кезде бұл жоқтаулардағы Қазақ хандығының 400 жылдық тарихы қамтылған мәтіндер совет өкіметіне қарсы қойылған [6, 132].

А. Затаевич 1925 жылы Орынборда шыққан «Қазақ халқының мың әні» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әндерін жақсы білетіндігін әрі шебер домбырашы болғанын, өзі жақсы білген Торғай, Ақтөбе, Бөкей Ордасы, Қарқаралы өңірлерінде айтылып келген әндерді қағазға түсіруге көмектескенін, бірнеше күйді өзі орындап бергенін жазған: «*Но мог ли я пройти равнодушно мимо тех сокровищ,*

которые так неожиданно передо мною открылись? Культурному миру они до сих пор оставались совершенно неизвестными, а между тем их уже коснулась гибельная рука вымирания! Нужно было спешить с записью того, что еще осталось целым! Понятно, что довести эту громадную работу до конца можно было только при помощи целого ряда сведущих и сочувствующих ей лиц. Из них я особенно себя считаю обязанным А. Байтұрсынову и А.Н. Букейханову, высококомпетентными указаниями и пояснениями которых я лично руководствовался» [8: 22].

Ұлт Ұстазының «Әдебиет танытқышында» (1926) көркемсөздің тектері мен түрлерінен басталып, қазіргі әдебиет теориясының терминдері тұңғыш рет қазақ тілінде қалыптасқан. Әдебиет араб сөзі екені, ата бабамыз әдебиетті асыл сөз дегені де осы ретте нақтыланған: асыл сөз «адамның жан қоштау керегінен шыққан», адамның жан сақтау емес, жан қоштау қажетінен туғаны: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература». Әдебиеттің басқа өнер түрлерінен ерекшелігі туралы: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіретпен көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

А.Байтұрсынұлы «сөз несімен өзіне назар аударады» дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күшімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» [1: 253]. Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: «Көркемсөз – айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәнісін, қақиқат түрінде айтады. Көркемсөз – айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады [6: 255]. Бұның қисыны да нақтыланған: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгімеде, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме».

Ғалым Сөз Талғау тарауын ақын тілі мен әншейін тіл деп бөліп келесі ретпен қарастырған: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл лұғат анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі (көрнектеу, меңзеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу). Тіл лұғаты әуезділігі мен Сөйлеу әуезділігі де осындай аналитикалық ретпен берілген. Сөздің өлең болатын мәнісі тарауы келесі ретпен айқындалған: өлең шығару, өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ тұлғалары, бунақ буындары, өлең ағындары, тармақ кезеңдері, тармақ ұйқастығы.

А.Байтұрсынұлының қазіргі постмодернизмнің атасы М.М.Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» (1975) мен «Вопросы литературы и эстетики» (9) теориясын сонау ХХ ғасыр басында Қара сөз бен Дарынды сөз жүйесінде қазақша айқындап бергені таңғалдырады [6:134]. Ғалым екі түрлі ойлау түрін ажыратып алып: «адам ойлағанда нәрсеге тиісінше ойлайды, ия көңілінің түйісінше ойлайды», бұл тұжырымды да нақтылап берген. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына» [6, 132].

«Дін» туралы ұғым «ғақайд» – екіжақты делінген: «бірі діннің негізгі турасындағы ес ұғым», «біреуі дінге керек іс ұғым» [1, 256]. Осы тұста қарасөз түсінігі нақтыланған: «Қарасөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз... Қарасөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған сөйлеу түрлерін алғанда, қарасөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама болып үш салаға бөлінеді» [1, 257].

«Әуезе – болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2)

мазмұндау, 3) қорыту» [1, 258]. *Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі [1, 262–264]. Байымдама зейіндеме: «Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» [1, 264]. Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сөз; 4) көсем сөз.*

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақты көрсетеді: *«Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз көркем сөз деп аталып, қара сөздер жалаң сөздер деп айтылады»* [1, 258]. Әдебиет теориясындағы *дискурс, көркем дискурс, нарратив, әдеби тіл, аналитикалық талдау, сюжет* категорияларын Ахмет Байтұрсынұлы осылай қазақшалап берген.

Қазақ тіліндегі әдебиет теориясының басты ұстанымы мен «пән сөздерін» - терминдерін А.Байтұрсынұлы осыдан 100 жыл бұрын «Әдебиет танытқышта» былайша анықтап берген:

Қорытынды:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар және олар тікелей саясатқа, идеологияға тәуелді емес. Сөз өнері - асыл сөз деген термин *«халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті»* деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлу ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару колониалдық европоцентризм мен соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты [10, 11]: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды: *«Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі»* [1, 281].

2. Басқа ғылым салалары сияқты әдебиеттану мен тілтанудың *«пән сөздері»* болу керек деп, оларды ғалым бір өзі қалыптастырып берді.

3. Көркемдік әлемнің ерекшелігі автордың ішкі рухани деңгейімен тікелей байланысты екені Абай мен Мағжанның өлеңдерін талдауымен айқындалған.

4. «Жазу әдебиет» тарауында: *«Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен»* [6, 133]. Қазаққа жазу қашан келді деген сауалға осылай нақты жауап берілген.

5. Жазба әдебиеттің екі дәуірі анықталған: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Діндар – «діншіл»* деген мағынада, *ділмар – «тілшен»* деген мағынадағы сөздер» [1, 318]. *«Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып соған еліктегеннен пайда болса, ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр»* [1, 318]. Бұл құбылыс «барша жұрттың басында болған іс» делінген.

4. А.Байтұрсынұлы жазу әдебиеттің сөйлеу түріне сай нарративын үшке бөледі: 1) *ертек* (әңгіме); 2) *толғау*; 3) *айтыс-тартыс*: *«Жазу әдебиетінің ертегі түріне кіретін сөздері – ауыз ертегі, ертегі жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөзден түрі ауыз әдебиетте жоқ: айтысы бар да, тартысы жоқ»* [6, 19].

5. Діндар дәуір әдебиеті несімен ерекшеленеді? *«Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме»* [1, 319]. «Әдебиет танытқыштағы» біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: *мінәжат, намыс толғау* деген түсініктер бар. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» (XIV–XVI ғ.) *«Хақ жолындағылар тарихы»* деп аталған, бұл кітап тура осы Алла Тағалаға мінәжат айтумен басталып, сонымен аяқталады [6, 133].

6. «Әдебиет танытқыш» әлемдік контексттегі хронотопымен ерекше. *«Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды»* [1, 276]. Қазіргі әдебиеттанудағы антропология, типология, генезис, әдебиеттердің байланысы, ортақ сюжеттер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: *«Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған»* [1, 276].

7. А.Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық ұлттық тілдегі әдебиеттерге ортақ: *«Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі»* [1, 337]. Өйткені, *«Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады»* [1, 337]. *«...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жұртты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сөзді сынап білмекші; сынап білуден сөз талғау күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады»* [6, 133]. Көркемдік дискурсты ғалым осылай танытқан. Абай мұрасына қатысты жүзден астам диссертация қорғалды. Олардың біреуінде де осындай теориялық нақтылық жоқ.

8. Ресей ғалымы М.М.Бахтиннің *«роман теориясы»* бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы, сондықтан ол сол тілдегі әдебиеттің сөйлеу жүйесінің қорытылған нәтижесін синтездейтін бірегей жанр [9, 133]. Демек тек роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. М.М.Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1975 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау 1926 жылы айқындап беріпті: *«Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінудері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында ғана айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды»*. Демек басты мәселе *«айтылу аудандарында»* хронотопында ғана екен [7, 134; 10;11].

А.Байтұрсынұлы осы ретте нақты теориялық айқындау береді: *«Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады»* [1, 343]. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М.Бахтиннің: *«Романдық стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді»* [9, 132] деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы сонау 1926 жылы Ресей теоретигінен 50 жыл бұрын осылай анықтап берген!

Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы Бахтиннің (*«речевые жанры»*) дегенін А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан: *«Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді»* [6, 135].

*«Ұлы әңгіме жазушы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек»*. Демек, роман стилін жүйелей келе

А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: *әуезе, толғау, айтыс* деп жіктейді. Бұлардың жанрлық ерекшеліктері: *«Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады»* [1, 273]. *«Әуезе – тысқары ғалам турасындағы сөз...»*. *«Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды»* [1, 273–274].

Яғни *«толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда»* [6, 135]. Жанрдың ерекшелігі туралы: *«Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі»*. Яғни *«Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету»*, – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, *«Әдебиет сөзін тәртіптен, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізді 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс»* [1, 273]. Айтыстың тартысы болуы басты жанрлық сипат екені анықталып: *диалогсыз сөз жетім екені де осы ретте айқындалған!* Бұл туралы М.М. Бахтин тек 1975 жылы жазған.

9. Әдебиет танытқышта әдебиетті танытуға бейімделген этикалық, жалпыадамзаттық қазіргі феноменологиялық хронотоп бар [10, 11]. Аналитикалық талдаулар мен жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған.

А.Байтұрсынұлының басты теориялық тұжырымы былай анықтаған: *«Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан»*. Сондықтан: *«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суретпен ойлау; көңілісі – тую, талғау»*.

Көркем дискурс туралы: *«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің туюын түйгенінше айтуға жарату»* [1, 268].

Отарлауға қарсы тұрып Отанына, Ұлтына адал қызмет еткен, ғылым мен білім саласының дамуына нақты үлес қосқан, тіл мен әдебиетті ұлттың тарихымен бірлікте қарастырған ғалым А.Байтұрсынұлы еңбегінің мемлекет тарихында алатын орны туралы 26 жасар замандасы М.О.Әуезов былай деген: *«Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»* [3, 70].

Ә.Бөкейхан, М.О.Әуезов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, С.Сейфуллин, А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928), Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайловтар Ахметтанудың негізін салып берген ғалымдар. Тәуелсіздік кезде Ахметтануды Р.Сыздықова, Ә.Шәріпов, Ш.Қ.Сәтбаева, С.Дәуітов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, Т.Омарбеков, Р.Нұрғалиев, Ә.Кекілбаев, Т.Жұртбай, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Ә.Қайдаров, Ә.Жүнісбек, С.Қирабаевтар жалғастырды. Қазіргі ғылыми дискурс контексінде А.Ісімақова, М.Жүсіп, А.Салқынбай, Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбай, З.Базарбаева, Д.Қамзабек, Қ.Қалыбаева, А.Тымболова, А.Қыдыршаев, С.Сәкен, Ұ.Еркінбай, Г.Пірәлі, К.Мұстафаева, Т.Қыдыр, Қ.Құдеринова, А.Ойсылбай, Ә.Ахмет, Ж.Рақыш, Н.Сәрсек, Р.Имахамбет жалғастырып келеді. Шет елдегі зерттеушілері: S.Sabol, D.Kudainbergen, M.B.Olkott, T.UYAMA, Henryk Jankowski, Uli Schamiloglu, Ferhat Tamir, Hulia Kasapoglu Gengel, F. D. Aşnin, Vahit Türk, Sertan Alibekiroğlu, Emin Özdemir, Nergis Biray, Hüseyin Köbey.

*Адамдық диқаншысы қырга шықтым,  
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,  
Көңілін көтеруге құл халықтың.*

Ұлт Ұстазының бұл сөзінде ұрпаққа аманат еткен ұлттық кодтың қуаты мен көзі тұр.

Бұл тар жол, тайғақ кешіп, ұлты үшін жанталасып әуелі ресей патшасы, кейін совет үкіметімен алысып жүрген кезде шыққан *жан сөзі*. Әр адам адамдықтың диқаншысы бола алады деген бұл сөздегі ұлттық код бүкіл адамзатқа айтылған ақыл сөзі.

Әркім өзгерісті биліктен, не басқа біреуден емес, әуелі өзі адамдықтың диқаншысы болудан бастау қажет екенін Ұлт Ұстазы осыдан жүз жыл бұрын өзінің көрген қасыреттерімен дәлелдеп бізге үлгі етіп кетті.

Алашым деп жалпы Түркі Елінің төте жазуы Әліппесін *Ар* сөзімен бастап, тар заманның рухани қолбасшысы бола білген Ахмет Байтұрсынұлы 65 жас өмірінде қалдырған бұл еңбектері қуғын сүргін, айдау мен түрмеде жазылған.

Ғалымның бізге қалдырған ғылыми мұрасы мен адамдық диқаншысы болуды көрсеткен өмірі тек Алаш Түркі жұрты емес, бүкіл адамзатты қазіргі рухани дағдарыстан шығаратын аманаты екенін түсінетін кез жетті деп санаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. А.: Ел Шежіре, 384 б. 2013.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 4-том. А.: Ел Шежіре, 384 б. 2013
3. Ілияс Байтұрсын. Алтын бесік. - Қостанай, 1998.
4. Әуезов М.О. Ахаңның 50 жылдық тойы. М.О. Әуезов 50 томдық толық шығармалық жинағы. 2 Том. - А., Ғылым, 1997.
5. Әуезов М.О. Абайдан соңғы ақындар. М.О. Әуезов 50 томдық толық шығармалық жинағы. 1 Том. - А., Ғылым, 1997.
6. Ісімақова А.С. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. - 2017. - 480 б.
7. Ісімақова А.С. А. Байтұрсынұлы – қазіргі тілтану мен әдебиет теориясының негізін салушы реформатор // Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы: КазГУ, 2022.- 444 б.
8. Александр Затаевич. 1000 песен казахского народа. - А.: Дайк Пресс, 2004. - 230 б.
9. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.,1985. - 357с.; М.М. Бахтин. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. - 369с.
10. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика. Жанр. Стиль. Алматы: Ғылым, 1998. - 394 с.
11. Исмакова А.С. Возвращение Плеяды. Алматы: Ғылым, 2002. - 199 с.